# Сабақтың тақырыбы:

# Сан есімді бекіту

бастауыш сынып мұғалімі

## *Сабақтың мақсаты:*

Білімділік. Өтілген сөз таптарын қайталау, сан есім туралы түсіндіру барысында жаттығулар орындау.

Дамытушылық. Сөз таптары туралы ой-өрісін дамыту.

Тәрбиелік. Ұқыптылыққа, сауаттылыққа, қатесіз көркем жазуға, әсемдікке тәрбиелеу.

## *Үй тапсырмасын тексеру:*

420 – жаттығу. Көп нүктенің орнына заттың санын білдіретін сөздерді қойып, көшіріп жаз.

. . . ақ лақ, . . . жасыл көрпе,

. . . жаңа сандық, . . . ауыр жүк.

Заттың санын, сынын, атын білдіретін сөздерді ата. Оларға сұрақ қой. Сөздердің байланысын сызбамен көрсет.

Үлгі: екі ақ лақ, ...

# Өткенді қайталау
# “Бәйге”ойыны

| Сөз табы | | | |
|---|---|---|---|
| Зат есім | Зат есім дегеніміз не? | Жалқы және жалпы есімдер дегеніміз не? | Зат есімнің тәуелденуі дегеніміз не? |
| Етістік | Етістік дегеніміз не? | Етістік нешеге бөлінеді? | Етістік қандай сөз таптарынан жасалады? |
| Сын есім | Сын есім дегеніміз не? | Сын есім нешеге бөлінеді? | Негізгі және туынды сын есім дегеніміз не? |
| Сан есім | Сан есім дегеніміз не? | Есептік сан есім дегеніміз не? | Реттік сан есім дегеніміз не? |

# Сөзжұмбақты шешу

| | | |
|---|---|---|
| М | 11-6 | |
| А | 13-11 | |
| Е | 12-6 | |
| С | 6-2 | |
| І | 8-5 | |
| Н | 11-10 | |
| С | 20-13 | |
| | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| 7 | 2 | 1 | 6 | 4 | 3 | 5 |



# Қызығушылықты ояту

Киіз үй қаншау?  Шаңырақ қаншау?  Кереге нешеу?



с
і
С
ы
н
ы
п
ж
ұ
м
ы

л

ы

қ

п

е

н

ж

ұ

м

# Мағынаны таныту

421-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жаз.

| **неше? қанша?** | **нешеу?** |
|---|---|
| *бір* | *біреу* |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

Керекті сөздер: *екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу.*

**“Сандар сөйлейді” ойыны.**

12; 30; 4; 365.

Үлгі: 4 – Бір жылда төрт мезгіл бар.

## *422-жаттығу. Мақалды жатқа айт.*

***Білгенің – бір тоғыз,***

***Білмегенің – тоқсан тоғыз.***

Мақалдың мағынасын түсіндір.

# *Ребустарды шешейік*



“





‘

“



***423-жаттығу. Сөйлемдерді тиісті дауыс ырғағымен оқып, көшіріп жаз.***

***Парта – он екі. Оқушы – жиырма төрт. Қол – екеу. Саусақ – он. Кітап – бесеу. Дәптер – жетеу.***

Зат есімдердің астын – бір, сан есімдердің астын екі рет сыз. Сөйлемдердің тыныс белгісіне назар аудар.

# Сергіту сәті





424-жаттығу. Берілген сан есімдерді қатыстырып сөйлем құрап жаз.

Бес . . . .

. . . екеу.

Бірінші . . . .

. . . үшеу.

Сан есімдерге сұрақ қой.

# Тест тапсырмалары

1. Сан есім қандай сұраққа жауап береді?
а) қандай? қанша? ә) не? нешінші? б) қанша? неше?
2. Сан есімді көрсетіңдер:
а) бес ә) есептік б) белсенді
3. Сан есім . . . болып бөлінеді
а) есептік, реттік, қатарлық ә) қатарлық, кезектік
б) есептік, реттік
4. Сан есімді көрсетіңдер
а) бес, сана, ұйықта ә) елу бес, жас, кәрі
б) қырық, елу, жүз
5. Берілген сөздер қай сөз табына жатады?
Екінші, бес, алпыс алты
а) сын есім ә) сан есім б) есімді
6. Жұмбақты шешіңдер.
Басында таяғы бар,
Төрт аяғы бар,
Сегіз тұяғы бар,
Иегінде сақалы бар
а) ешкі ә) қой б) арқар
7. Көп нүктенің орнына керекті сан есімді жазыңдар
Ер . . . рет өледі,
Қорқақ . . . мың рет өледі.
а) бір, бесінші ә) бір, мың б) бір, көп

# Сандарға қатысты 6 сөзді табыңдар

| | | |
|---|---|---|
| о | е | т |
| н | к | ө |
| б | і | р |
| е | л | т |
| с | ү | ш |

# Айтыс



7 саны

*Жеті ата:* 

*1) Ата*

*2) Әке*

*3) Бала*

*4) Немере*

*5) Шөбере*

*6) Шөпшек*

*7) Немене*

*Жеті жоқ:* 

*1) Жерде өлшеуіш жоқ.*

*2) Аспанда тіреуіш жоқ.*

*3) Таста тамыр жоқ.*

*4) Тасбақада талақ жоқ.*

*5) Аллада бауыр жоқ.*

*6) Аққуда сүт жоқ.*

*7) Жылқыда өт жоқ.*

Жеті қазына: 1) Ер жігіт
2) Сұлу әйел
3) Ақыл, білім
4) Жүйрік ат
5) Қыран бүркіт
6) Берен мылтық
7) Жүйрік тазы

Жеті жұт: 1) Құрғақшылық
2) Жұт
3) Өрт
4) Оба
5) Соғыс
6) Топан су
7) Зілзала ( жер сілкінуі )

Жеті жетім: 1) Тыңдалмаған сөз жетім.
2) Киюсіз тозған бөз жетім.
3) Басшысы жоқ ел жетім.
4) Иесіз қалған жер жетім.
5) Аққу, қазсыз көл жетім.
6) Жерінен айырылған ер жетім.
7) Замандасы болмаса бәрінен де сол жетім.

Жеті амал: 1) Күннің тоқырауы.
2) Қарашаның қайтуы.
3) Үркердің батуы.
4) Мұздың қатуы.
5) Киіктің матауы.
6) Қыс – тоқсан.
7) Ай туған.



***Үйге тапсырма:*** 426-жаттығу.



Сурет бойынша әңгіме құрап жазып келіңдер.

# Алтын ұям - мектебім

